

«Жалтыр №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша қараша айы бойынша мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар анықтамасы

Қараша айында жүргізілген бақылау-жұмыстарының қорытындысы бойынша

Қараша айында мектептің жылдық ішкі бақылау жоспарына сәйкес нормативтік құжаттардың орындалуы, оқу-тәрбие үдерісінің сапасы, білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру, оқу-зерттеу қызметі, педагогтердің әдістемелік дайындығы және тәрбие жұмыстары жан-жақты бақылаудан өткізілді.

I. Нормативтік құжаттардың орындалуы және мектеп құжаттамасы

9,11-сынып оқушылары мен ата-аналарына қорытынды аттестаттаудың жаңа ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Баймағамбетова Ж.А., Халанская Е.Р., Абишева Ф.Т., Науменко Т.И. сынып жетекшілері тарапынан ата-аналар жиналыстары өткізіліп, хаттамалар рәсімделді. «Білімкласс» электронды журналының жүргізілуіне мониторинг жасалды. Жалпы алғанда, журналдың толтырылуы уақтылы, бағалар мен сабақ тақырыптары талапқа сай енгізілген. Кейбір пәндер бойынша кері байланыстың сапасын арттыру қажеттілігі анықталды.

II. Оқу процесінің сапасын бақылау

II тоқсанға арналған БЖБ және ТЖБ өткізу кестелері оқу ісі бойынша директордың орынбасарлары Махметова М.Б. мен Томкова Н.Э. оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес құрып бекітті.

6-сыныптарда жүргізілген ЖСБ нәтижелерін оқу ісінің бойынша директордың орынбасары отырысында қаралды. Қорытынды бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейінің орташа екенін көрсетті, сынып ұжымын қалыптастыру жұмыстары жүйелі жүргізуді жалғастыру.

Гуманитарлық пәндер мен жаратылыстану пәндер әдістемелік бірлестік жетекшілері Шаяхметова Г.Т. мен Халанская Е.Р. 5–11-сыныптарда дәптерлерді тексеріп анықтамаларын жазды. Тексеру барысында қалыптастырушы бағалау талаптары негізінен сақталғаны анықталды, алайда кей пәндерде жазбаша жұмыстарға берілетін кері байланысты күшейту ұсынылды.

Мектеп кітапханашысы Хисамутдинова З.Г. 2–4-сыныптарда оқу техникасының тексеріп, I-тоқсан қорытындысы шығарылып, оқушылардың басым бөлігінде оқу жылдамдығы жас ерекшелігіне сай екені анықталды.

III. Білімдегі олқылықтарды толтыру жұмыстары

Бір «3», «4» бағасы бар оқушылармен пән мұғалімдері тарапынан жеке және дербес жұмыстар ұйымдастырылуда. Білімдегі олқылықтарды жою бойынша жоспарлар орындалуда.

Халықаралық зерттеулерге (МОДО, PISA, PIRLS) дайындық аясында 4,9

сыныптардан сынақ тесттер алынып, оқушылардың проблемалық бағыттары анықталды. Оқу ісі бойынша директордың орынбасарлары аталған жұмыстар бойынша анықтамаларын жазып ұжымда талқылады.

IV. Оқу-зерттеу қызметі

Пәндік олимпиадаларға дайындық мақсатында қосымша және жеке сабақтар өткізілді. Олимпиадаға қатысатын оқушылар анықталып, аудандық кезенге дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы қатысқан оқушылар саны-81.

Оның ішінде 5–6 сыныптарда:24 оқушы,

7–8сыныптарда:31 оқушы,

9–11сыныптарда:26 оқушы.

Жеңіске жеткен оқушылар саны: 50 оқушы.

Жоғары нәтиже көрсетуге бағытталған ынталандыру жұмыстары талданып, дайындық кестелерінің орындалуы бақылауға алынды.

V. Мұғалімдердің әдістемелік дайындығы

Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіліп, жоспардың орындалуы бақылаудан өтті. Мектептегі жас мамандардың Итемген Д.А., Әзи К., Оспанов Ж., Габдуллина Н.А., Шахманова К.А. сабақтарына қатысып әдістемелік көмек көрсетілді.

Баймагамбетова Ж.А. Жас мамандардың сабағына кіру қорытындысы бойынша төмендегідей ұсыныстар мен қорытындылар жасалынды.

03.11.2025ж ағылшын тілі мұғалімі Итемген Д.А. 4 «Б» сыныбы. Ұсыныс: сабақта тайм-менеджментті қатаң сақтау, тапсырмаларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көлемінде әзірлеу.

07.11.2025 ж Дакенов С.Р. 5 "А" сыныбында өткен дене шынықтыру пәні бойынша төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасалынды. Сабақ құрылымы дұрыс құрылған. Ұсыныс: оқушыларға сабақ мақсатымен таныстыру, қауіпсіздік техникасы ережелерін еске салу.

20.11.2025 ж Әзи К.Ш. 8 «А» сыныбынд өткен физика пәні бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасалынды. Ұсыныс: кері байланысты түрлендіріп, оқушылардың өзін-өзі, бірін-бірі бағалау дағдыларын қалыптастыру мақсатында сәйкес тапсырмаларды ұсыну.

04.11.2025ж даярлық тобының тәрбиешісі Шахманова К.А. Тәрбиешіге мынандай ұсыныстар жасалынды: дауыссыз дыбыстарды айтқызып үйрету, оқушыларға сабақ мақсатын таныстыру, сөздік қорын дамыту үшін диалогтік қарым-қатынас сияқты тәсілдерді қолдану. Оқушылардың визуальды қабылдауын қалыптастыру мақсатында көрнекіліктерді ұтымды қолдану. Аттестатталатын педагогтердің Махметова М.Б., Серикбаева А.У., Ерлан А., Имбергенева Д.М. сабақтарына қатысу барысында педагогтердің кәсіби және әдістемелік деңгейінің жеткілікті екені байқалды.

VI. Тәрбие үдерісін бақылау

Оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру бойынша жоспарлы іс-шаралар өткізілді.

Оқушылардың спорттық секцияларға қатысуы мен құжаттармен жұмыс жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.

7-сыныпта құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілер мен тәлімгерлердің «қиын» оқушылармен жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылғаны анықталды. Қараша айында оқушылардың спорттық секцияларға қатысу көрсеткіштері талданды. Оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүзеге асырылып жатқан іс-шаралардың орындалу жағдайы зерделенді. Сынып жетекшілері мен тәлімгерлердің тәрбиесі қиын оқушылармен жеке және жүйелі түрде жүргізетін жұмыстары бақылауға алынды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қараша айына жоспарланған бақылау жұмыстары толық көлемде орындалды. Оқу-тәрбие процесі мен құжаттаманың жүргізілуі жалпы алғанда талапқа сай.


ҰСЫНЫСТАР

1. «Білімкласс» жүйесінде кері байланыстың сапасын арттыру.
2. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды жүйелі қолдану.
3. Қалыптастырушы бағалау кезінде жазбаша жұмыстарға нақты кері байланыс беру.
4. Білімінде олқылығы бар оқушылармен жеке жұмысты күшейту.
5. Халықаралық зерттеулер форматына сай дайындық жұмыстарын жалғастыру.
6. Тәрбие жұмысы аясында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту.


Зам.директора по УР


 Махметова М.Б.


Зам.директора по НМР


 Төмкова Н.Э.

Зам.директора по ВР

 Абишева Ф.Т.

 Баймагамбетова Ж.А.

 Найманбаева А.А.

 Абильдин А.Ж.